

2 тақырып. Атқа міну мәдениетінің генезисі

Дәріс жоспары:

- Көшпеліліктің қалыптасуының алғышарттары: табиғи-географиялық және әлеуметтік-мәдени факторлар
2. Қазақстандағы ерте темір дәуірінің зерттелуі
 3. Ғұн (сюнну) империясының саяси тарихы. Үйсіндердің этносаяси бірлестіктері. Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы

Көшпелілер тарихын кезеңдеу. Мал шаруашылығының рөлі мен маңызының артуы. Көшпелі шаруашылық түрлері: үй маңы, бақташылық, көшіп-қону және т.б. Әлеуметтік құрылымы мен қоғамдық құрылысы.

Ерте темір дәуірі хронологиясы мен археологиялық мәдениет ескерткіштері. Тасмола мәдениеті: күні, ауқымы, қорғандар мен материалдық мәдениеттің ерекшеліктері. Қазақстандағы ерте темір дәуірінің зерттелуі. Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы. Сақтар. Ерте темір дәуіріндегі тайпалардың мәдениеті: хронология, жерлеу рәсімі, қару-жарақ, ауыздық, аң стилі өнері. Сақтардың Ахеменидтер державасымен қарым-қатынасы. Сақтардың грек-парсы соғыстарына қатысуы. Сақтардың Александр Македонскийдің жаулап алуына қарсы күресі.

Ұлы дала аумағындағы көшпелі және отырықшы мәдениеттің урбандалуы мен өзара қатынастары (біздің заманымыздан бұрынғы III – біздің заманымыздың II ғасырлары). Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі. Ғұн (сюнну) империясының саяси тарихы. Жетісу және Тянь-Шаньдағы үйсіндердің этносаяси бірлестіктері. Үйсіндердің көрші халықтармен және мемлекеттермен қарым-қатынасы. Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы. Қаңлылардың шығу тегі және этностық тарихы. Біздің заманымыздан бұрынғы II – біздің заманымыздағы V ғасырдың бірінші үштігіндегі қаңлылардың тараған аумағы мен қоныстанған жерлері. Шығыс Арал маңы аумағындағы түркі этникалық қауымдастығының қалыптасуы. Византия, Иран, Сирия және Қытаймен сауда байланыстары.